

Ф.Ш. Оразбаева Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: f_orazbaeva@mail.ru**РУХАНИЯТ ПЕН ӨРКЕНИЕТ ТОҒЫСЫНДА ТІЛДІ ОҚЫТУ:
БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ СИНЕРГИЯСЫ**

Мақалада ұлттық құндылықтарға негізделген білім мен тәрбиенің ықпалы танымдық, мәдени және адами капиталды қалыптастыратын синергиялық жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жүйеде тіл оқыту үдерісі тек пәндік білімді меңгерудің құралы ретінде емес, оқушының дүниетанымын кеңейтетін, ұлттық болмысын танытатын және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыратын рухани-мәдени кеңістік ретінде сипатталады. Зерттеудің мақсаты – дара тұлға бойында адами капитал қалыптастыруға негіз болатын білім мен тәрбиенің маңызын айқындау. Осы мақсатқа сәйкес мақалада тілдік білім беру мазмұнының құндылықтық әлеуеті, білім алушының тұлғалық дамуына ықпалы және оқу үдерісіндегі тәрбиелік мазмұнның коммуникативтік әрекетпен байланысы талданады. Жұмыстың әдіснамалық негізін коммуникативтік көзқарастар, құндылыққа бағытталған білім беру тұжырымдамалары, оқу мазмұнының ғылыми-практикалық қағидалары қамтиды. Бұл әдіснамалық бағдар тілді оқытуды білім, тәрбие, мәдениет және әлеуметтік тәжірибе тоғысындағы кешенді педагогикалық үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Талдау мазмұн (ұлттық дүниетаным мен құндылық өзегі), тілдік өріс (құндылықтың мағыналық кеңістігі) және әлеуметтік әрекет (білімнің өмірдегі іс-тәжірибесі) тәрізді бағыттарды қамтиды. Осы үш бағыт өзара байланыста қарастырылып, оқушының алған білімін тілдік қарым-қатынаста, пікір білдіруде, дәлелді ой айтуда және қоғамдық мәні бар әрекеттерде қолдану мүмкіндігімен сабақтастырылады. Нәтиженің бағыттары пәндік білімді құндылық мазмұнымен ұштастырып, оқушының ойы, сөзі және ісі арасындағы үйлесімді күшейтеді; бағалау өлшемдері этика, адресат, дәйектеме сапасы, қарсы уәж, сөз әдебі, қоғамдық-әлеуметтік ықпал сияқты индикаторлардан тұрады. Бұл индикаторлар білім алушының тек тілдік сауаттылығын ғана емес, оның жауапкершілікпен сөйлеуін, пікірталас мәдениетін, әлеуметтік ортада орынды әрекет етуін және ұлттық құндылықтарды саналы қабылдау деңгейін бағалауға негіз болады. Мақаланың ғылыми жаңалығы – педагогикалық модель құндылық – тіл – әрекет бірлігін қалыптастыратын әдіснамалық құрылым ретінде ұсынылады. Зерттеудің практикалық маңызы – әрекетке негізделген коммуникативтік актілер құндылық нәтижелерімен ұштаса келіп, қоғамдық мәні бар өнімдерді жүзеге асырады.

Түйін сөздер: тұлға, білім, тәрбие, рухани құндылық, мәдени сабақтастық, тіл, қарым-қатынас, синергия.

F.Sh. Orazbayeva

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: f_orazbaeva@mail.ru**Language Teaching at the Intersection of Spirituality and Civilization:
The Synergy of Education and Moral Development**

The article examines the influence of education and upbringing based on national values as a synergistic system that shapes cognitive, cultural and human capital. Within this system, the process of language learning is characterised not only as a means of acquiring subject-specific knowledge, but also as a spiritual and cultural space that broadens the learner's worldview, reveals their national identity and fosters social responsibility. The aim of the study is to determine the significance of education and upbringing as the foundation for the formation of an individual's human capital. In line with this aim, the article analyses the value-based potential of language education content, its influence on the learner's personal development, and the connection between the educational content of the teaching process and communicative activity. The methodological basis of the work consists of communicative approaches, concepts of value-oriented education, and scientific and practical principles for the selection and organisation of educational content. This methodological focus allows language teaching to be viewed as a comprehensive pedagogical process at the intersection of education, upbringing, culture and social practice. The analysis covers such areas as content – the core of the national worldview and values; the linguistic field – the semantic space of values; and social action – the practical application of knowledge in life. These three areas are considered in relation to one another and are linked to the

possibility of applying the knowledge acquired by learners in verbal communication, the expression of their own position, reasoned discourse and socially significant activities. The result areas combine subject knowledge with value-based content and enhance the harmony between the student's thought, word and action; assessment criteria include indicators such as ethics, audience, quality of argumentation, counter-argumentation, speech etiquette and socio-cultural impact. These indicators serve as the basis for assessing not only the learner's linguistic competence, but also their responsible communicative stance, culture of discussion, ability to act appropriately in a social environment, and level of conscious perception of national values. The scientific novelty of the article lies in the fact that the pedagogical model is proposed as a methodological framework that forms the unity of "value – language – action". The practical significance of the research lies in the fact that communicative acts based on action correlate with value-based outcomes and contribute to the creation of socially significant products.

Keywords: personality, education, upbringing, spiritual values, cultural continuity, language, communication, synergy.

Ф.Ш. Оразбаева

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
e-mail: f_orazbaeva@mail.ru

Обучение языку на пересечении духовности и цивилизации: синергия образования и воспитания

В статье влияние образования и воспитания, основанных на национальных ценностях, рассматривается как синергетическая система, формирующая познавательный, культурный и человеческий капитал. В данной системе процесс обучения языку характеризуется не только как средство освоения предметных знаний, но и как духовно-культурное пространство, расширяющее мировоззрение учащегося, раскрывающее его национальную идентичность и формирующее социальную ответственность. Цель исследования – определить значение образования и воспитания как основы формирования человеческого капитала личности. В соответствии с данной целью в статье анализируются ценностный потенциал содержания языкового образования, его влияние на личностное развитие обучающегося, а также связь воспитательного содержания учебного процесса с коммуникативной деятельностью. Методологическую основу работы составляют коммуникативные подходы, концепции ценностно-ориентированного образования, научно-практические принципы отбора и организации учебного содержания. Данная методологическая направленность позволяет рассматривать обучение языку как комплексный педагогический процесс на пересечении образования, воспитания, культуры и социальной практики. Анализ охватывает такие направления, как содержание – ядро национального мировоззрения и ценностей, языковое поле – смысловое пространство ценности, социальное действие – практическая реализация знаний в жизни. Эти три направления рассматриваются во взаимосвязи и соотносятся с возможностью применения полученных учащимся знаний в речевой коммуникации, выражении собственной позиции, аргументированном высказывании и общественно значимой деятельности. Направления результатов объединяют предметные знания с ценностным содержанием и усиливают гармонию между мыслью, словом и действием учащегося; критерии оценивания включают такие индикаторы, как этика, адресат, качество аргументации, контраргументация, речевой этикет, общественно-социальное воздействие. Данные индикаторы служат основой для оценки не только языковой грамотности обучающегося, но и его ответственной речевой позиции, культуры дискуссии, способности к уместному действию в социальной среде и уровня осознанного восприятия национальных ценностей. Научная новизна статьи заключается в том, что педагогическая модель предлагается как методологическая структура, формирующая единство «ценность – язык – действие». Практическая значимость исследования состоит в том, что коммуникативные акты, основанные на действии, соотносятся с ценностными результатами и способствуют созданию общественно значимых продуктов.

Ключевые слова: личность, образование, воспитание, духовные ценности, культурная ответственность, язык, коммуникация, синергия.

Кіріспе

Қазіргі кездегі үздіксіз білім беру жүйесі академиялық мазмұнды жан-жақты игерумен қатар ұлттық құндылықтар мен адами капиталға негізделген рухани тәрбие мен адамзат мұрасын дара

тұлғаның гуманитарлық, зияткерлік және әлеуметтік әлеуетін көтеруге басты назар аударады.

Сол себепті бүгінгі халықаралық білім кеңістігі әлемдік деңгейдегі өркениет пен жеке тәуелсіз елдің төл мәдениеті мен рухани өзегінің негізінде бәсекелестікке қабілетті, интеллек-

туалды ұрпақ тәрбиелеу мақсатын көздейді. Өркениет дамуы барысында UNESCO (2021, 2023) баяндамаларында білім берудің жаңа әлеуметтік келісімі рухани және мәдени құндылықтарға негізделуі тиіс деп көрсетілсе, OECD (2021) зерттеулерінде ХХІ ғасырдағы оқу процесінің басты міндеті адами капиталды қалыптастыратын рухани құндылыққа бағытталған коммуникация мен мәдени сауаттылықты дамыту екені айтылған.

Адами капитал өзегі рухани-мәдени генетикалық кодтың негізі болып табылатын отбасынан басталып, бала-бақша, мектеп, мамандандырылған білім ошақтары, жоғары білім, академиялық ғылым тәрізді салаларды қамтиды. Олардың әрқайсысы интеллектуал ұлт өкілін тәрбиелеу барысында әр түрлі қызмет атқара отырып, бір ортақ мақсатты жүзеге асырады. Бұл ортақ мақсат, ортақ мүдде еліміздің бүгінгі және болашақ өркениетін қамтамасыз ететін білім мен тәрбиені қатар іске асыратын іргелі істерге тығыз байланысты.

Білім мен тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» (Тоқаев, 2022); ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында жариялаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» (Тоқаев, 2024а); «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» (Тоқаев, 2025); Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген: «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» (Тоқаев, 2024b) атты Қазақстан халқына жолдаған жалпыұлттық идеяға бағытталады. Қазақ Елінің үздіксіз оқу жүйесі білім мен ғылым, оқыту және тәлім-тәрбие салаларының тоғысуы арқылы бала бойында адами капиталдың қалыптасуы мен дамуына басты назар аударады. Бұл процестердің тоғыса отырып, бірыңғай, біртұтас жолға қойылуы білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттырады, білім мен ғылым әдіснамасын құндылықтар негізінде игеруге жол ашады.

Президенттің халыққа ұсынған жолдауларында айтылған құндылықтар жүйесі білім мен тәрбие үдерісінің өзегін құрайды. Олардың әрқайсысы тұлғаның әлеуметтік және моральдық қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Мәселен, *Тәуелсіздік пен отаншылдық* жас ұрпақтың ел тағдырына жауапкершілікпен қарауын қамтамасыз етсе, *Бірлік пен ынтымақ* әлеуметтік үйлесімділік пен өзара сыйластықтың негізін

қалайды. *Әділдік пен жауапкершілік* қағидалары оқушының азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын нығайтады. *Заң мен тәртіп* мәдениеті құқықтық сана мен қоғамдық қауіпсіздікті қалыптастыруға бағытталады. *Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік* тұлғаның өмірлік табысына жол ашып, *Жасампаздық пен жаңашылдық* ұлттық прогрестің қозғаушы күші ретінде көрініс табады.

Осы идеологиялық бағыттар білім беру кеңістігінде құндылыққа негізделген педагогика мен коммуникативтік мәдениетті дамытуда басты бағдар болады. Бұл тұжырымдаманы оқу-тәрбие тәжірибесіне енгізу арқылы ұстаздар мен оқушылардың рухани бірегейлігі күшейіп, ұлттық сананың жаңа сапасы қалыптасады (Тоқаев, 2024b).

Мақаланың мақсаты – бастауыш, орта буын, жоғары сынып бойынша «Құндылық – Тіл – Тұлға – Коммуникация» моделіне негізделген білім мен тәрбие жүйесінің интеллектуал ұлт өкілін қалыптастыруға әсерін теориялық және қолданбалы тұрғыдан айқындау.

Мақаланың міндеттері:

– білім мен тәрбиеге негізделген адами капитал сапасын ұлттық құндылықтармен байланысты зерделеу;

– білім мен тәрбие синергиясының прагматикалық қырларын сипаттау;

– «Құндылық–Тіл–Тұлға–Коммуникация» моделінің мәні мен маңызын анықтау;

– руханият пен өркениетке негізделген білім мен тәрбие тұтастығын іске асырудың тәсілдерін көрсету.

Зерттеу тұлғаның рухани және коммуникативтік дамуының әдіснамалық іргетасын ұлттық құндылықтар жүйесімен байланыстыра келіп, қазіргі білім беру мазмұнын әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан сипаттайды. Қазақстандық модель ұлттық руханият, тіл және мәдени құндылықтар негізінде ерекшеленеді. Қазақ мектебінің басты күші – білім мазмұнының ұлттық сана, тіл мәдениеті және адамгершілік мұраттармен байланысты бола келіп, дара тұлғаның бойында адами капитал қасиеттерін бекіту.

Материалдар мен әдістер

Білім мен тәрбие синергиясы – адамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесі арқылы жүзеге асатын күрделі қоғамдық-әлеуметтік процесс. Синергия ұғымы – педагогикалық тұрғыдан оқыту мен тәрбиенің өзара үйлесімі арқылы ор-


тақ мақсатты көздейтін және біртұтас әрекеттен туындайтын іргелі үдеріс. Мұндай бірлік тұлғаның танымдық, эмоциялық және әлеуметтік қабілеттерінің тоғыса қалыптасуына жол ашады. Синергиялық көзқарас білім мен тәрбиенің табиғи байланысын сақтай отырып, интеллектуал ұлт өкілінің рухани және мәдени әлеуетін дамытуға бағытталады (UNESCO, 2023).

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне қатысты қабылданған ұлттық құндылық концептілері – оқыту мен тәрбиенің бағыт-бағдарын айқындайтын рухани бағдарлар жиынтығы. Бұл жүйенің өзегінде *адам, ар-ұждан, намыс, отбасы, отан, тіл, мәдениет, білім, еңбек және табиғат* тәрізді ұғымдар бар. Бұл концептілердің базалық білім мазмұны «толық адам» (Абай) ұстанымына сай дара тұлғаның гуманистік адами капитал бейнесін дамытады. Ұлттық құндылықтар мазмұны білім беру сатыларында жас ұрпақтың психологиялық даму деңгейі мен жас ерекшелігіне қарай бірыңғай қағидаларды жүзеге асыра келіп, үздіксіз білім беру жүйесінің бастауыш, орта буын, жоғары сынып деңгейлеріне сай сабақтаса дамиды.

Бастауыш буында адам, отбасы және табиғат сияқты іргелі ұғымдар баланың мейірімін, қамқорлығын және ынтымақтастық сезімін оятады. Орта буында ар-ұждан, намыс, тіл, руханият бағыттары арқылы оқушылардың моральдық және мәдени көзқарастары қалыптасады. Жоғары сыныптарда білім, еңбек және отаншылдық құндылықтары тұлғаның азаматтық жауапкершілігі мен өмірлік ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

1-сурет

Жас сатылары бойынша даму траекториясы



Ескерту: Сурет автор тарапынан құрастырылған

Бұл график білім мен тәрбие бірлестігінің оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес (бастауыш, орта буын, жоғары сынып) *құндылықты қабылдау деңгейі мен коммуникативтік дағдыларының* біртіндеп, үдемелі өсу деңгейін бейнелейді.

Түсіндірме:

- бастауыш кезеңінде оқушының даму деңгейі эмоционалдық және тәжірибелік арнада қалыптасады;

- орта буында әлеуметтік қарым-қатынас пен моральдық пайым күшейеді;

- жоғары сыныптарда тілдік коммуникацияның өрісі кеңейеді, нақтылық іске асады, этикалық шешім қабылдау мен азаматтық жауапкершілік артады.

Құндылық – Тіл – Тұлға – Коммуникация жүйесінің моделі.

Адами капитал қалыптастыру барысында білім мен тәрбие синергиясын сипаттайтын теориялық және әдіснамалық үлгілердің маңызы зор. Солардың бірі – «Құндылық – Тіл – Тұлға – Коммуникация» (КТК) жүйесі. Мұнда орын алатын мәселелер төмендегідей ұғымдарды қамтиды: *құндылық* – адамзаттың ішкі бағдарын айқындайтын рухани өзек; *тіл* – мағына мен мазмұнды бейнелеп жеткізетін құрал; *тұлға* – адам болмысының танымдық-дарындық, мінез-құқықтық қасиеттерінің рухани-әлеуметтік үйлесімі; *қарым-қатынас* – адамның ойы мен пікір-көзқарасының әлеуметтік ортада жүзеге асу кеңістігі. Тіл тұлғаның рухани болмысын бейнелейтін құрал болса, қарым-қатынас – сол мазмұнның қоғамдық кеңістіктегі нақты көрінісі. Осы арқылы коммуникация адамды әлеуметтік тұлға дәрежесіне көтереді (Orazbayeva, F., et al., 2025).

Құндылыққа негізделген көзқарас білім мен тәрбиені тұтас әлеуметтік-мәдени үдеріс ретінде қарастырады. *Құндылық* – адамның ойы мен сезімінің, сенімі мен мінезінің бағыт-бағдарын айқындайтын рухани өлшем. Ұлттық құндылықтар – халықтың тарихи тәжірибесінен, дәстүрлі дүниетанымынан және рухани мұрасынан туындайтын өмірлік бағдарлар жүйесі. Олар адам мен қоғам арасындағы байланысты реттеп, мәдени тұтастық пен адамгершілік үйлесімінің негізін қалайды (Әл-Фараби, 1987; Dewey, 1916). Құндылықтар адамның дүниетанымдық бағытын айқындай отырып, тәрбиенің мазмұндық өзегін қалыптастырады. Ол тіл арқылы мағыналық мазмұнға, тұлға арқылы жеке оқушының интеллектуалдық болмысына, коммуникация арқылы

қоғамдық тәжірибеге айналады. Осы құрамдас бөліктер өзара бірлікте әрекет еткенде, адами капиталға негізделген ұлт өкілінің қалыптасуы мен *дамуы* табиғи және мақсатты сипатқа ие болады. Құндылыққа негізделген педагогикалық модель тілдік әрекет пен әлеуметтік қарым-қатынастың бір-бірімен байланысты екенін көрсетеді.

Тіл – адамның қарым-қатынас құралы ғана емес, ол ой философиясын жеткізудің, рухани кеңістікті қалыптастырудың, адамның өзін-өзі танудың да құралы. Адам тілді меңгеру арқылы өзінің ішкі әлемін таниды және сол арқылы мәдени кеңістікке енеді (Оразбаева, 2005, б. 152). Бұл көзқарас тіл мен руханияттың өзара байланысын нақтылап, білім беру жүйесінде тұлғаның мәдени жауапкершілігін дамытудың бағыттарын айқындайды.

Тіл – ой мен сезімді бейнелеудің, ал қарым-қатынас – сол бейнеленген мазмұнды өмірге енгізудің үлгісі. Осы арқылы тілдік және әлеуметтік тәжірибе адамның рухани болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Тұлға – рухани құндылық ұғымдары арқылы адам болмысының мәнін айқындайтын іргелі категория. Тұлға – қоғамдық белсенділігі әлеуметтік біліктілік арқылы көрінетін, өзіне тән дарыны мен қабілеті зор дара жаратылыс. Бұл ұғым – адамның табиғи қабілеттері мен әлеуметтік тәжірибесінің бірлігі. Тұлға дамуы – тек білім мен дағдының жиынтығы емес, рухани өзегі жоғары, мәдени тамыры терең және әлеуметтік жауапкершілігі кең тұтас құбылыс.

Тұлғаның дамуы философия, психология және педагогика ғылымдарының методологиялық негіздерінің тоғысуы арқылы дұрыс нәтижеге жетеді. Тұлға дамуы – адамның өзін-өзі тануы, өз мүмкіндігін қоғам игілігіне бағыттай білу қабілеті. Ол – танымдық, тұлғалық, мінез-құқықтық қасиеттердің жиынтығымен қатар рухани және мәдени үйлесімнің көрінісі.

Қарым-қатынас (Коммуникация) – педагогикалық жүйенің әлеуметтік және психологиялық арнасы.

Коммуникация – қоршаған әлем мен ақпарат жеткізуші адам арасындағы байланыс. Ол коммуниканттардың өзара байланысы арқылы қарым-қатынас актілерін құрайды. Тілдік коммуникация пікірлесу әрекеті арқылы белгілі бір мәселе төңірегінде өрбитін, сөйлеу арқылы жүзеге асатын процесс.

Демек, тілдік коммуникацияның сапалы болуы коммуникативтік актіге байланысты. Коммуникативтік акт адресат пен адресанттың, рес-

поненттердің өзара пікірлесім қатынасынан тұрады. Адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасып, хабар таратуы мен тасымалдауының нәтижесінде сөйлеу актісі орындалады.

Әдебиеттерге шолу

Қазақтың рухани мұрасы мен педагогикалық дәстүрінде білім мен тәрбие – егіз ұғым. Ежелгі түркі дүниетанымынан бастап, орта ғасыр ойшылдарының еңбектерінде бұл идея үзілмей жалғасып келеді. Әл-Фараби адамның өсу-жетілу қасиетін білім мен мінездің үйлесімінен іздей отырып, «ізгілік пен парасат қатар жүргенде ғана адам кемелдікке жетеді» деп тұжырымдайды (Әл-Фараби, 1987, б. 45). Ыбырай Алтынсарин мектепті «халықтың келешегін айқындайтын рухани ошақ» деп бағалап, оны адамдық қасиеттің ізгілікпен ұштасуы деп анықтайды (Алтынсарин, 1976, б. 22). Қазақ педагогикасында тұлға ұғымы рухани кемелдік, адамгершілік қалып және ұлттық сана-парасат ұғымдарымен сабақтас. Абайдың «толық адам» ілімі тұлға дамуының моральдық және парасаттық өлшемін айқындайды. (Абай, 1995, б. 224). Абай «ғылым мен ардың» бірлігін тұлға кемелдігінің шарты деп түсіндіреді (Абай, 1995, б. 210). Жүсіпбек Аймауытов тәрбиенің мәні оның әлеуметтік-мәдени тұғырында деп атап көрсетіп, тәрбиенің орта мен заман ықпалына әсерін сипаттайды (Аймауытов, 1996, б. 57). Бұл пайымдар Выготскийдің мәдени-тарихи көзқарасымен астасады. Ол тілмен қарым-қатынас адамның санасы мен мінез-құлықтың қалыптасуына шешуші әсер етеді дейді (Vygotsky, 1978).

Аса көрнекті әдебиеттанушы З. Ахметов (2002) қазақ әдебиет ғылымында тұлға ұғымын рухани-этикалық категория ретінде сипаттап, «рухани кемелдену – адамның өз болмысын терең түсінуінен басталады» деп жазады (Ахметов, 2002, б. 91). Бұл тұжырым тұлғаның өзін-өзі тану процесін рухани өсу мен мәдени жетілудің негізі ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Білім мен тәрбие – адамның рухани болмысын сақтайтын, қоғамның мәдени тұрақтылығын күшейтетін бір-бірімен тығыз байланысты біртұтас жүйе бола келіп, коммуникация процесін барлық салаларда жүзеге асырады. Қазақ философиясы мен педагогикасы ұсынған рухани желі заманауи халықаралық тұғырлармен үндесіп, *құндылыққа негізделген және коммуникацияға бағытталған* білімнің теориялық-тәжірибелік іргетасын нығайтады.

Ұлттық дәстүрмен үндес заманауи құжаттар да осы бағытты күшейтеді. *Еуропа Кеңесінің Демократиялық мәдениет құзыреттері шеңбері (RFCDC)* құндылықтар, көзқарастар, дағдылар және білім/түсініктер бірлігінде демократиялық мәдениетті қалыптастыруды ұсынады; өзегі – *құндылыққа негізделген қарым-қатынас, мәдени әртүрлілікті құрметтеу, жауапты коммуникация* (Council of Europe, 2018). UNESCO (2021, 2023) білімнің жаңа қоғамдық келісімін құруда құндылық пен коммуникацияны стратегиялық баған деп таниды: тіл-медиа сауат, ақпараттың сапасын тану, этикалық қатысым – XXI ғасырдың басты талаптары (UNESCO, 2021; 2023). Б.Ф. Ломов (1981) қарым-қатынасты адам мен қоғам арасындағы өзара әрекет ретінде қарастырып, оның дамуы эмоциялық және когни-


тивтік факторлардың бірігуін талап ететінін атап өтеді. Бұл көзқарас білім мен тәрбие үдерісіндегі тұлғааралық байланыстардың рухани мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді.

Білім мен тәрбие бірлестігі – адамзат өркениетінің әр дәуірінде қоғамның рухани және мәдени дамуын айқындайтын негізгі тетік. Бұл процестердің бірлігі тұлғаның жан дүниесін байытып, ұлттық сананың тұрақтылығын ұстап тұратын тұтас құрылым ретінде қаралады (Dewey, 1916).

Осы халықаралық бағдарлар ұлттық білім кеңістігіндегі құндылық–тіл–қарым-қатынас бірлігін дәлелдеп, мектеп мәдениетін этикалық қатынастармен бекітуге жол ашады. Білім мен тәрбие синергиясының мәні – осы құндылықтарды өмірлік бағдар ретінде қолдану.

2-сурет

Құндылық – Тіл – Қарым-қатынас



Синергиялық өріс

Ескерту: Сурет автор тарапынан құрастырылған

Шешім: Құндылық – мазмұндық өзек; тіл – бейнелеу/жеткізу құралы; қарым-қатынас – әлеуметтік қызметті іске асыру өрісі.

Білім мен тәрбие синергиясы негізінде коммуникацияға бағытталған рухани арналар тіл арқылы адамзаттық, гуманитарлық, әлеуметтік, танымдық мәнге ие болады.

Нәтижелер мен талқылау

Мәселенің теориялық негізі. Білім беру жүйесінде аталмыш педагогикалық модель адами капитал тұлғасын қалыптастыруға бағытталған оқытудың: *лингвокоммуникативтік, когнитивтік, мәдени-антропологиялық, педагогикалық* ғылыми-теориялық негіздерін қалайды. Ғылыми әдебиеттерде бұл бағыт бірнеше салаларды қамтиды. UNESCO (2023) құжаттарында да осы мәселелерге назар аударылған. Құндылыққа негізделген білімнің басты мақсаты – «оқушының өзін және өзгені түсіну қабілетін дамыту, тіл мен мәдениетті өзара құрметтеудің арнасына айналдыру».

Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл жүйенің негізі мәдени-антропологиялық және коммуникативтік бағыттарға сүйенеді. Э. Кассирер (Cassirer, 1944) адам болмысын «символдық әрекет» арқылы түсіндіріп, тіл мен мәдениетті рухани тәжірибенің басты көрінісі деп есептейді. Ал М. Хайдеггер (Heidegger, 1962) тілді «адам болмысының үйі» деп атап, адамның дүниені түсінуі оның тілдік қабілетіне тәуелді екенін айтады. Бұл философиялық қағидалар ҚТК моделінің рухани-танымдық негізін құрайды.

Қолданбалы негізі. Білім мен тәрбие синергиясының ықпалы: құндылық – тіл – коммуникативтік әрекет бірлігі арқылы дара тұлғаның адами капитал бейнесін бәсекелестікке қабілетті интеллектуал ұрпақ дәрежесіне жеткізу; ұлттық сананың сапасын күшейту.

Құндылыққа негізделген білім берудің басты ерекшелігі – оқу мазмұнының тәрбиелік мәнін табиғи түрде ұрпақ бойына сіңіру. Бұл тұрғыда құндылық – мазмұнның өзегі, тіл – рухани қарым-қатынас тірегі, ал әрекет – оның өмірде

жүзеге асу өрісі. Осындай үштік тұтастықта құндылықтар ұран немесе теориялық ұғым күйінде қалмай, оқушының сөзінде, таңдауларында, қарым-қатынасында, қоғамдық белсенділігінде нақты көрініс табады. Осы тұрғыдан келгенде, білімнің дәлдігі тәрбиелік шешімдерге ұштасып, тілдік құзырет азаматтық жауапкершілікке ұласады да, синергиялық көрсеткіш орындалады.

Қолданбалы деңгейде бұл жүйе мектептің күнделікті тәжірибесінде айқын көрініс таба отырып, бастауыш білім, орта буын, жоғары сыныптарда өзара сабақтастық табады. Мәселен, сабақтың кіріспесінде мұғалім құндылыққа бағдарланған контекст қалыптастырады: мәтін немесе тапсырма тек білімдік мақсатқа емес, мәдени және этикалық пайымға жетелейді. Негізгі кезеңде тілдік жанр нормалары меңгеріледі: дәлелді эссе, нұсқаулық, рецензия, сұхбат, аналитикалық шолу сияқты формалар оқушыны креативтік ойға жетелей отырып, адресатқа лайық түсінік, тілдесім қалыптастырады. Қорытынды бөлімде әрекетке шығу жүзеге асады: ұсыныс әзірлеу, мектеп қауымдастығына пайдалы өнім дайындау, мәдени немесе экологиялық бастаманы ұсыну. Осы үдеріс арқылы «Адам», «Ар-ұждан», «Намыс», «Отбасы», «Отан», «Тіл», «Мәдениет», «Білім», «Еңбек», «Табиғат» сияқты ұлттық құндылықтар тілдік және әлеуметтік тәжірибеге ұласады.

Мектеп кеңістігі құндылыққа негізделген коммуникацияның тәжірибелік алаңы ретінде қызмет атқарады. Мәселен, кітапханадағы «Бір кітап – бір ай» көрмелері академиялық дәлдікті және дереккөзге адалдықты қалыптастырады; «Қауіпсіз мектеп» апталығы инфографика мен нұсқаулық жанрын өмірмен байланыстырады; «Мәдени маршрут» жобалары рецензия мен талдау әрекеттерін дамытады; экологиялық күндер аналитикалық есеп пен қорытынды жасау дағдыларын жетілдіреді. Осылайша мектептің ішкі коммуникация тілі – хабарландырулар, подкасттар, қабырға газеттері, қоғамдық таңдау мен тыңдалымдар – этикалық реңкке ие болады. Оқушы тек тыңдаушы емес, коммуникативтік әрекетті ұйымдастырушы, қоғамдық ортаны біріктіруші субъект деңгейіне көтеріледі.

Тәжірибені бақылау мен бағалау барысында сандық және сапалық деректерді біріктіретін жүйе қолданылады. Олар – оқушының өнімдік портфолиосы, шағын рефлексиялық эсселер, сыныпшылық бақылау парақтары, ата-аналар мен қауымдастық пікірлері. Негізгі назар оқушының сөзі мен әрекетіндегі өзгеріске аударылады: дә-

лелдің сапасы, этикалық тіл, тыңдаушыға бейімделу және қоғамдық жауапкершілік. Бұл көрсеткіштер нәтиже қорытындысын көрсетеді.

Жалпы алғанда, «Құндылық пен Тілдік қарым-қатынас» жүйесіне сүйенген синергиялық модель пәндік білімді рухани мазмұнмен ұштастырып, оқу нәтижесін әлеуметтік мәні бар әрекетке айналдырады. Тұлғаның рухани бейнесі тілдік нақты әрекеттер арқылы бекіп, оның жауапкершілігі өмірлік тәжірибеде көрініс табады. Бұл бағыт ұлттық мәдениетті сақтай отырып, заманауи азаматтық қатысымға ашық, тілдік және этикалық тұрғыдан сауатты ұрпақ қалыптастырудың сенімді жолы саналады.

Құндылыққа негізделген және коммуникацияға бағытталған білім беру жүйесі – педагогикалық тұжырым ғана емес, бүкіл білім кеңістігінің мәдени және әлеуметтік сапасын анықтайтын стратегиялық бағыт. Мұндай жүйені орнықтыру үшін педагогикалық, институционалдық және әлеуметтік алғышарттардың өзара үйлесімді дамуы қажет. Құндылықтар мен тілдік-мәдени тәжірибе тек оқу мазмұнында емес, мектептің рухани өмірінде, педагог пен оқушының, ата-ананың өзара қарым-қатынас мәдениетінде көрініс табуы қажет.

Ұлттық құндылыққа негізделген білім мен тәрбие синергиясын қамтамасыз ететін бірнеше факторлар бар.

Бірінші маңызды жағдай – мұғалімнің рухани және кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Құндылықты тасымалдаушы тұлға – ұстаздың өзі. Мұғалім рухани тұрғыдан бай, тіл мәдениеті жоғары және мәдениетаралық қарым-қатынасқа ашық болған жағдайда ғана оқушы бойында адамгершілік бағдар қалыптасады. Сол себепті педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына «құндылыққа негізделген педагогика», «рухани көшбасшылық», «коммуникативтік мәдениет» секілді модульдерді енгізу өзекті (Orazbayeva, 2005; Berkowitz, 2021).

Екінші бағыт – оқу мазмұнын жаңғырту және пәндерге ұлттық құндылықтардың тәрбиелік мәнін енгізу.

Құндылық мазмұны пәннің өзегінде болғанда ғана түпкі нәтижеге жетуге болады. Мәселен, тіл мен әдебиет сабақтарында ар, ұят, әділдік, жауапкершілік тақырыптары көркем мәтіндер арқылы талданса, тарихта патриотизм мен азаматтық белсенділік нақты тарихи контексте ашылады; жаратылыстану пәндерінде еңбек пен экологиялық мәдениет тәжірибелік жобалар арқылы қалыптасады. Мұндай кіріктірілген тәсіл

оқушының білімін өмірлік құндылықтармен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Үшінші шарт – мектептің рухани-мәдени ортасын қалыптастыру.

Мектеп мәдениеті – тек физикалық кеңістік емес, қарым-қатынас әдебі мен өзара құрметті орнықтыратын рухани орта. Бұл ортада әділдік, адалдық, сыйластық, төзімділік және ынтымақтастық қасиеттер күнделікті өмірде орын алуы тиіс. Мектептің этикалық кодексі, мінез-құлық нормалары және ұжымдық жауапкершілік мәдениеті нақты көрсетіліп, іске асырылуы қажет. Мұндай орта тек тәртіпті сақтамайды, ол оқушының эмоционалдық қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді.

Төртінші бағыт – өмірлік дағдылар мен қоғамдық-әлеуметтік құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Құндылыққа негізделген білім беру тұлғаның тек академиялық жетістігін ғана емес, оның өмірлік және әлеуметтік қабілеттерін де дамытады. UNICEF (2020) ұсынған *Life Skills Framework* моделі оқушылардың өмірлік табысқа жетуіне қажет төрт байланыс саласын бөліп көрсетеді:

1. Жеке дағдылар – өзін-өзі тану, мақсат қою, жауапкершілік пен тұрақтылық;
2. Әлеуметтік дағдылар – ынтымақтастық, эмпатия, қарым-қатынас мәдениеті;
3. Танымдық дағдылар – сыни және шығармашылық ойлау;
4. Цифрлық және азаматтық дағдылар – медиа-сауат, ақпаратты талдау, этикалық онлайн мінез.

Бұл дағдылар құндылыққа негізделген тәрбиенің практикалық өлшемін құрайды және оқушыны саналы өмірлік таңдау жасауға үйретеді.

Бесінші бағыт – бағалау мен кері байланысты жаңғырту.

Қазіргі бағалау жүйесі білім нәтижесіне бағытталған. Ендігі мақсат – *құндылық пен қарым-қатынас өлшемін* бірыңғай қамти отырып, нәтижеге жету. Бағалау критерийлері оқушының дәлелмен сөйлеу қабілетін, пікірталас әдебін, өзгені тыңдай білу дағдысын және этикалық шешім қабылдау іскерлігін қамтыған жағдайда құндылық пен қарым-қатынас өлшемі дұрыс сипат алады (Canale & Swain, 1980). Өзін-өзі бағалау және бірін-бірі адал тану рефлексия мәдениетін дамытады.

Алтыншы бағыт – ата-ана мен қоғамның серіктестігін ұйымдастыру.

Мектеп, отбасы және жергілікті қауымдастық арасындағы өзара байланыс құндылық тәрбиесін өмірмен байланыстырады. Отбасы – алғашқы құндылық ортасы, мектеп – оны жүйелі

түрде алға жетелейтін орта, ал қоғам – оны жүзеге асыру алаңы. Бірлескен жобалар мен қоғамдық бастамалар оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттырып, азаматтық жауапкершілігін дамытады.

Жетінші бағыт – басқарушылық мәдениетті жаңарту.

Басшының әділдігі мен ашықтығы мектептің рухани әлеуетін айқындайды. Басшының эмоциялық интеллекті, коммуникативтік мәдениеті, құндылыққа негізделген көшбасшылығы – ұжымдағы сенім мен ынтымақты нығайтады. Berkowitz (2021) атап өткендей, басқару үлгісі де педагогикалық құндылықтың көрінісі болуы тиіс.

Қорыта келгенде, құндылыққа негізделген білім беру кеңістігінің дамуы — қоғам мен мектептің өзара серіктестігіне, педагогтың рухани мәдениетіне және оқушының білімі мен білігіне, тілі мен діліне сүйенетін кешенді процесс. Бұл бағыт оқу мазмұны, педагогикалық орта және әлеуметтік серіктестік арқылы жүзеге асады. Ұлттық руханиятты заманауи әдіснамалармен ұштастыра отырып, тұлғаның рухани-мәдени келбетін және тілдік құзыретін дамыту – қазақтандық білім беру жүйесінің басты стратегиялық бағдары.

Қорытынды

Педагогтар мен психолог ғалымдар тұлға дамуын рухани, мәдени және әлеуметтік ықпалдардың біртұтас жүйесі ретінде түсіндіреді. Соның ішінде білім мен тәрбиенің өзара ықпалы тұлғаның жан-жақты дамуын, рухани кемелденуін оның адами капитал бейнесімен ұштастырады.

Білім мен тәрбие өзара тығыз байланысқан жағдайда ғана бүкіл тәрбие процесі біртұтас жүзеге асады. Осы еңбекте ұсынылған *«Құндылық–Тіл – Тұлға – Қарым-қатынас»* моделі адами капитал қалыптастыру барысында оқушының рухани, мәдени және коммуникативтік өлшемдерін біріктіретін тиімді әдіснамалық жүйе ретінде қарастырылды. Модельдің өзегі – құндылық мазмұнын тіл арқылы танып, қарым-қатынас арқылы өмірде іске асыру. Тіл тұлғаның рухани болмысын бейнелейтін құрал, ал қарым-қатынас – сол мазмұнның қоғамдық кеңістіктегі көрінісі.

Құндылыққа негізделген және коммуникацияға бағытталған білім беру жүйесі тұлғаның адамгершілік ұстанымын бекітіп, мәдени жауапкершілігін арттыруға бағытталады (Оразбаева,

2025). Синергия қағидасы арқылы білім мазмұны мен тәрбиелік ықпал бірлікте қаралып, оқушының ойы, сөзі мен ісі арасындағы үйлесім қалыптасады. Мұндай тұтастық қоғамның рухани тұрақтылығын нығайтып, мәдени дамудың іргетасын құрайды.

Құндылыққа негізделген білім беру кеңістігінің дамуы тек оқу мазмұнымен шектелмейді. Ол педагогтың рухани мәдениетін, мектептегі қарым-қатынас этикасын және ата-ана мен қоғамның өзара жауапкершілігін қамтиды. Мұғалім – құндылықты тасымалдаушы әрі оның үлгісі. Сондықтан ұстаздың кәсіби дамуы мен тұлғалық руханияты синергиялық жүйенің табысты іске асуына шешуші рөл атқарады.

Қазақстандағы құндылыққа бағытталған білім беру саясаты әлемдік тәжірибемен үндес. *Values-Based Education* (Ұлыбритания), *Character Education* (АҚШ) және *Finland National Curriculum* (Финляндия) үлгілерімен қатар, қазақстандық модель ұлттық руханият, тіл және мәдени құндылықтар негізінде ерекшеленеді. Қазақ мектебінің негізгі ерекшелігі – базалық білім мазмұнының ұлттық санамен, адамзаттық өркениетпен, лингвомәдени және елтанымдық дәстүрмен, жалпы гуманистік мұраттармен байланысты болуында.

Руханият пен өркениетке негізделген адами капитал мазмұны дара тұлғаның мынадай қабілет-қарымын жетілдіреді:

- ой мен сезімнің үйлесімділігін жүзеге асырып, этикалық пайымның өрісін кеңейтеді;
- тілдік және коммуникативтік мәдениеттің деңгейін арттырады;
- әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық белсенділігін күшейтеді;
- рухани тұтастық пен мәдени танымдық кеңістіктің сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Жүргізілген талдау нәтижесінде төмендегідей тұжырым жасауға болады:

Біріншіден, білім мен тәрбие синергиясы тұлғаның рухани және мәдени дамуының педагогикалық ерекшеліктерін айқындайды.

Екіншіден, ұлттық құндылықтар жүйесі білім мазмұнының өзегін анықтап, оның коммуникативтік кеңістігін кеңейтеді.

Үшіншіден, адами капитал тұлғаның мәдени және рухани болмысын қалыптастыратын негізгі тетік ретінде қызмет атқарады.

Төртіншіден, білім мен тәрбиеге негізделген синергиялық модель ұлттық және халықаралық тәжірибені үйлестіретін тиімді бағыт болып табылады.

Бұл бағытты дамыту барысында мына мәселелер іске асырылғаны жөн:

- мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесіне білім мен тәрбие құндылықтарына негізделген педагогикалық арнайы курстар енгізу;
- оқу бағдарламаларына рухани және мәдени мақсаттарды метапәндік деңгейде кіріктіру;
- оқушылардың мәдени және коммуникациялық даму динамикасын бағалайтын ұлттық индикаторлар жүйесін жасау;
- ғылыми-зерттеу орталықтары мен мектептердің серіктестігін кеңейтіп, тәжірибе нәтижелерін сараптау.

Қорыта келгенде, ұлттық құндылықтар мен әлемдік өркениетке сүйенген білім мен тәрбие синергиясы – қоғамның рухани жаңғыруының, мәдени тұтастығының және адам капиталының сапалы дамуының кепілі. Бұл жүйе арқылы тұлғаның рухани әлемі, тіл мәдениеті мен әлеуметтік белсенділігі бір арнада тоғысып, білім беру кеңістігі өмір мен мәдениеттің өркениетіне айналады.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Үздіксіз білім берудегі халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес лингвокоммуникация мен нейролингвистика негізінде мемлекеттік тілді деңгейлік меңгерудің әлеуметтік-педагогикалық парадигмасы» (BR28713427) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

Мүдделер қақтығысы

Автор осы зерттеуге қатысты қандай да бір кәсіби, қаржылық немесе жеке мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Мақала авторларының үлесі

Ф.Ш. Оразбаева мақаланың ғылыми тұжырымдамасын әзірледі, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындады, білім мен тәрбие синергиясына негізделген теориялық-әдіснамалық ұстанымдарды жүйеледі. Автор «Құндылық – Тіл – Тұлға – Коммуникация» моделінің мазмұнын негіздеп, ұлттық құндылықтарға сүйенген тіл оқыту үдерісінің тұлғаның рухани, мәдени және коммуникативтік дамуына ықпалын талдады. Сонымен қатар мақалада пайдаланылған отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді саралап, нәтижелер мен қорытынды тұжырымдарды қалыптастырды.

Әдебиеттер

- UNESCO. (2021). *Reimagining our futures together: A new social contract for education*. Paris: UNESCO Publishing.
- UNESCO. (2023). *Values-based education for sustainable development: Global framework*. Paris: UNESCO Publishing.
- OECD. (2021). *21st-century readers: Developing literacy skills in a digital world*. Paris: OECD Publishing.
- Тоқаев, Қ. (2022, 16 наурыз). *Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы*. Ақорда. <https://www.akorda.kz>
- Тоқаев, Қ. (2024а, 2 қыркүйек). *Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм*. <https://www.gov.kz>
- Тоқаев, Қ. (2025, 8 қыркүйек). *Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу*. Ақорда. <https://www.akorda.kz>
- Тоқаев, Қ. (2024b, 15 наурыз). *Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс. Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы*. Ақорда. <https://www.akorda.kz>
- Orazbayeva, F., Utegulova, Z., Balzia, B., et al. (2025). Cognitive idioms based on communicative grammar. *Forum for Linguistic Studies*, 7(12), 1635–1646. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i12.12039>
- Әл-Фараби. (1987). *Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары*. Алматы: Ғылым.
- Dewey, J. (1916). *Democracy and education*. New York, NY: Macmillan.
- Orazbayeva, F. Sh. (2005). *Tildik qatynas: Teoriyası men ádistemesi*. Almaty: Rukhaniyat.
- Алтынсарин, Ы. (1976). *Таңдамалы педагогикалық мұралар*. Алматы: Мектеп.
- Абай Құнанбайұлы. (1995). *Шығармалар жинағы*. Алматы: Жазушы.
- Аймауытов, Ж. (1996). *Тәрбиеге жетекші*. Алматы: Рауан.
- Vygotsky, L. S. (1978). *Mind in society: The development of higher psychological processes*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- Council of Europe. (2018). *Reference framework of competences for democratic culture* (Vols. 1–3). Strasbourg: Council of Europe.
- UNESCO. (2021). *Media and information literacy curriculum* (2nd ed.). Paris: UNESCO Publishing.
- Ломов, В. Ф. (1981). *Проблемы общения и формирования личности*. Москва: Наука.
- Cassirer, E. (1944). *An essay on man: An introduction to a philosophy of human culture*. New Haven, CT: Yale University Press.
- Heidegger, M. (1962). *Being and time* (J. Macquarrie & E. Robinson, Trans.). New York, NY: Harper & Row. Original work published 1927.
- Berkowitz, M. W. (2021). *PRIMED for character education: Six design principles for school improvement*. New York, NY: Routledge.
- UNICEF. (2020). *Global framework on transferable and life skills*. New York, NY: UNICEF.
- Canale, M., & Swain, M. (1980). Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing. *Applied Linguistics*, 1(1), 1–47.
- Orazbayeva, F., & Kümisbekova, Zh. (2025). Профессор Алма Қыраубаева: ұлттық құндылықтар ұстанымы. *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 197(1). <https://doi.org/10.26577/EJPh2025197117>
- Finland National Agency for Education. (2016). *National core curriculum for basic education*. Helsinki: Author.
- Habermas, J. (1984). *The theory of communicative action: Vol. 1. Reason and the rationalization of society*. Boston, MA: Beacon Press.
- Kohlberg, L. (1984). *Essays on moral development: Vol. II. The psychology of moral development*. San Francisco, CA: Harper & Row.
- Lickona, T. (2004). *Character matters: How to help our children develop good judgment, integrity, and other essential virtues*. New York, NY: Simon & Schuster.
- May, R. (1983). *The discovery of being: Writings in existential psychology*. New York, NY: W. W. Norton.

References

- Abai Qunanbaiuly. (1995). *Shygarmalar jinagy* [Collection of works]. Almaty: Jazushy. (In Kazakh)
- Aimauytov, Zh. (1996). *Tarbiege zhetekshi* [A guide to education]. Almaty: Rauan. (In Kazakh)
- Al-Farabi. (1987). *Qaiyrymdy qala turgyndarynyn kozqarastary* [The views of the residents of the virtuous city]. Almaty: Gylm. (In Kazakh)
- Altynsarin, Y. (1976). *Tandamaly pedagogikalyq muralar* [Selected pedagogical heritage]. Almaty: Mektep. (In Kazakh)
- Berkowitz, M. W. (2021). *PRIMED for character education: Six design principles for school improvement*. New York, NY: Routledge.
- Canale, M., & Swain, M. (1980). Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing. *Applied Linguistics*, 1(1), 1–47.
- Cassirer, E. (1944). *An essay on man: An introduction to a philosophy of human culture*. New Haven, CT: Yale University Press.
- Council of Europe. (2018). *Reference framework of competences for democratic culture* (Vols. 1–3). Strasbourg: Council of Europe.
- Dewey, J. (1916). *Democracy and education*. New York, NY: Macmillan.
- Finland National Agency for Education. (2016). *National core curriculum for basic education*. Helsinki: Author.

- Habermas, J. (1984). *The theory of communicative action: Vol. I. Reason and the rationalization of society*. Boston, MA: Beacon Press.
- Heidegger, M. (1962). *Being and time* (J. Macquarrie & E. Robinson, Trans.). New York, NY: Harper & Row. Original work published 1927.
- Kohlberg, L. (1984). *Essays on moral development: Vol. II. The psychology of moral development*. San Francisco, CA: Harper & Row.
- Lickona, T. (2004). *Character matters: How to help our children develop good judgment, integrity, and other essential virtues*. New York, NY: Simon & Schuster.
- Lomov, B. F. (1981). *Problemy obshcheniia i formirovaniia lichnosti* [Problems of communication and personality formation]. Moscow: Nauka. (In Russian)
- May, R. (1983). *The discovery of being: Writings in existential psychology*. New York, NY: W. W. Norton.
- OECD. (2021). *21st-century readers: Developing literacy skills in a digital world*. Paris: OECD Publishing.
- Orazbayeva, F. Sh. (2005). *Tildik qatynas: Teoriyasy men adistemesi* [Language communication: Theory and methodology]. Almaty: Rukhaniyat. (In Kazakh)
- Orazbayeva, F., & Kumisbekova, Zh. (2025). Professor Alma Qyraubaeva: Ultyq qundylyqtar ustanymy [Professor Alma Kyraubaeva: The principle of national values]. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 197(1). <https://doi.org/10.26577/EJPh2025197117> (In Kazakh)
- Orazbayeva, F., Utegulova, Z., Balzia, B., et al. (2025). Cognitive idioms based on communicative grammar. *Forum for Linguistic Studies*, 7(12), 1635–1646. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i12.12039>
- Toqaeu, Q. (2022, March 16). *Zhana Qazaqstan: Zhanaru men zhangyru zholy* [New Kazakhstan: The path of renewal and modernization]. Akorda. <https://www.akorda.kz> (In Kazakh)
- Toqaeu, Q. (2024a, September 2). *Adilette Qazaqstan: Zan men tartip, ekonomikalyq osim, qogamdyq optimizm* [Fair Kazakhstan: Law and order, economic growth, and public optimism]. Gov.kz. <https://www.gov.kz> (In Kazakh)
- Toqaeu, Q. (2024b, March 15). *Adal adam – Adal enbek – Adal tabys. Ultyq quryltaydyn ushinshi otyrysy* [Honest citizen – Honest labor – Honest income. The third meeting of the National Kurultai]. Akorda. <https://www.akorda.kz> (In Kazakh)
- Toqaeu, Q. (2025, September 8). *Zhasandy intellekt dauirindegi Qazaqstan: Ozekti maseleler zhane ony tubegeili tsifirlyq ozgerister arqyly sheshu* [Kazakhstan in the era of artificial intelligence: Current issues and their solution through radical digital transformation]. Akorda. <https://www.akorda.kz> (In Kazakh)
- UNESCO. (2021a). *Media and information literacy curriculum* (2nd ed.). Paris: UNESCO Publishing.
- UNESCO. (2021b). *Reimagining our futures together: A new social contract for education*. Paris: UNESCO Publishing.
- UNESCO. (2023). *Values-based education for sustainable development: Global framework*. Paris: UNESCO Publishing.
- UNICEF. (2020). *Global framework on transferable and life skills*. New York, NY: UNICEF.
- Vygotsky, L. S. (1978). *Mind in society: The development of higher psychological processes*. Cambridge, MA: Harvard University Press.

Автор туралы мәлімет:

Оразбаева Фаузия Шамсиқызы – ҚР ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: f_orazbaeva@mail.ru).

Information about the author:

Orazbayeva Fauziya – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: f_orazbaeva@mail.ru).

Сведения об авторе:

Оразбаева Фаузия Шамсиевна – академик НАН РК, доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: f_orazbaeva@mail.ru).

Келін түсті: 9 сәуір 2026 жыл
Қабылданды: 7 маусым 2026 жыл